

**Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 26 қазандағы № ҚР ДСМ-154/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 қазанда № 21523 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 7-бабының 56-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 525 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11783 тіркелген, 2015 жылғы 25 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 525 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № ҚР ДСМ-93 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18827 болып тіркелген, ҚР Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 19 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Цой*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 26 қазаны  
№ ҚР ДСМ-154/2020  
бұйрығымен бекітілген

**Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабы 56) тармақшасына сәйкес әзірленді және Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуетті өнім беруші – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), консорциум;

2) конкурстық баға ұсынысы – конкурс тәсілімен сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған, конкурсқа қатысуға өтінімге қоса берілетін баға;

3) конкурстық комиссия – осы Қағидаларда көзделген конкурс тәсілімен сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

4) конкурстық құжаттама – конкурсқа қатысуға өтінімді дайындау үшін әлеуетті өнім берушіге ұсынылатын құжаттама, онда конкурсқа қатысуға өтінімге қойылатын талаптар, конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру шарттары мен тәртібі қамтылады;

5) көрсетілетін қызмет – ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) қажеттерін конкурстық баға ұсынысы – конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған, конкурсқа қатысуға өтінімге қоса берілетін баға; қанағаттандыруға бағытталған заттық нәтижесі жоқ қызмет;

6) Қазақстан Республикасының резиденттері - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, оның аумағында тұратын сондай-ақ филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасында және тыс орналасқан заңды тұлғалар;

7) өнім беруші – тапсырыс берушімен сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), консорциум;

8) сараптама комиссиясы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін сарапшыларды тарта отырып, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

9) сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші тартатын, өткізілетін мемлекеттік сатып алу саласында тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар жеке тұлға;

10) сатып алу – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес, сондай-ақ оның мүшесі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық ұйымдар қаржыландыратын инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде, соның ішінде сатып алу веб-порталын пайдаланумен жүзеге асырылатын тауарлар мен көрсетілетін тауарларды сатып алуды қоспағанда Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін

қажетті тапсырыс берушілердің тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы (сатып алуға арналған тауарлардың тізбесі: зертханалық жануарлар, зертханалық жануарларға арналған жемдер, дезинфекциялық құралдар, негізгі құралдар, оның ішінде: зертханалық жабдық (сынақ жабдығы) және техника, зертханалық жиһаз, өлшеу құралдары, химиялық реактивтер мен реагенттер, прекурсорлар мен улар, стандартты жұмыс үлгілері, тест-штамдар, қоректік орта, зертханалық ыдыс, зертханалық жабдыққа арналған шығыс материалдары, бактериялық эндотоксиндерге сынақтар жүргізуге арналған шығыс материалдары мен реактивтер, жеке қорғау құралдары, зертханалық киім, өзге де қорлар (оның ішінде Еуропалық фармакопея, АҚШ фармакопеясы, Британ фармакопеясы). Сатып алуға арналған қызметтер тізбесі: автоклавтарды техникалық куәландыру, зертханалық жабдықты тексеру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, зертхананы кәсіби тестілеу бағдарламаларына қатысу, тиісті зертханалық практика (GLP) стандартына сәйкестікті аккредиттеу, медициналық қалдықтарды және зертханалық реактивтерді, ыдыстарды, медициналық бұйымдарды утилизациялау, биологиялық қалдықтарды (анатомиялық материалдар, органдар, тіндер) утилизациялау және Британдық формулярдың анықтамалығына қол жеткізу жөніндегі қызметтер).

11) сатып алу веб-порталы – мемлекеттік сатып алудың электрондық қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі;

12) сатып алу туралы шарт – Тапсырыс беруші және өнім беруші арасында жасалған, соның ішінде сатып алу веб-порталы арқылы электрондық нысандағы азаматтық-құқықтық шарт;

13) тауар – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, зияткерлік меншік құқығының объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

14) ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) – дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды қолдану саласындағы мемлекеттік сараптау ұйымы немесе оның филиалы;

15) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Осы Қағидалар жеткізумен айналысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылады және дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды көздейді.

4. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай қағидаттарға негізделеді::

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаларды ұтымды және тиімді жұмсау;

2) сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктерді әлеуетті өнім берушілерге беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік;

4) сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығы;

5) сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;

6) сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау;

7) сатып алу туралы шартты орындау.

5. Сатып алу процесі өзіне:

1) сатып алу жоспар (лар)ын әзірлеу және бекітуді;

2) өнім берушіні таңдауды;

3) сатып алу туралы шартты жасау және орындауды қамтиды.

**2- тарау. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарларды мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібі**

6. Жылдық сатып алу жоспарын даму жоспары негізінде ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) әзірлейді және бекітеді

7. Жылдық сатып алу жоспарын даму жоспары бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) бекітеді.

8. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) жылдық сатып алу жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны интернет-ресурста немесе сатып алу веб-порталында орналастырады.

9. Жылдық сатып алу жоспарына ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.

10. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) жылдық сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтыруларды айына екі реттен аспайтын мерзімде енгізуге құқылы.

11. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) жылдық сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды интернет-ресурста немесе сатып алу веб-порталында орналастырады.

**3-тарау. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібі**

12. Сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) біліктілік талаптары және техникалық сипаттамалары бойынша өнім берушіні іріктеу жөніндегі конкурс;

2) сатып алу веб-порталы арқылы біліктілік талаптары және техникалық сипаттамалары бойынша өнім берушіні іріктеу жөніндегі конкурс;

3) баға ұсыныстарын сұрату;

4) бір көзден алу.

Осы тармақтың 2) - 4) тармақшаларында көзделген сатып алу, сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырады. Сатып алу веб-порталы 5 (бес) жұмыс күнінен аса жұмысқа істемеген немесе сатып алуды ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) сатып алу веб-порталы қызметіне қол жеткізуі мүмкін болмаған жағдайда, сатып алу қағаз түрінде жүзеге асырылады.

13. Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарлар мен қызметтердің жылдық көлемінің негізінде сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындайды:

1) егер белгілі бір тауарды(ларды) не белгілі бір қызметтердің сатып алудың жылдық көлемі құн мәнінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жеті мың еселенген мөлшерінен асса - біліктілік талаптары және техникалық сипаттамасы бойынша өнім беруші іріктеу бойынша конкурс;

2) егер белгілі бір тауардың(лардың) не құн мәнінде белгілі бір қызметтердің жылдық сатып алу көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткішінің жеті мың еселік мөлшерінен аспаса, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу;

3) осы Қағидалардың 90 және 91-тармақтарында көзделген жағдайларда бір көзден алу.

### **1-параграф. Біліктілік талаптары және техникалық сипаттамалар бойынша өнім берушіні іріктеу жөніндегі конкурс тәсілімен сатып алу**

14. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) әрбір сатып алу өткізуге жеке конкурстық комиссия құрады және конкурстық комиссия хатшысын айқындайды.

Конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын тұлға қабылдайды және бұйрық түрінде ресімдейді.

Конкурстық комиссияның мүшелері конкурстық комиссияның төрағасы, төрағасының орынбасары және мүшелері болып табылады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды және кемінде бес адамды құрайды.

Конкурстық комиссияның төрағасы ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) бірінші басшысы болып айқындалады.

15. Конкурстық комиссияның төрағасы:

1) конкурстық комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметіне басшылық жасайды;

2) конкурстық комиссияның отырыстарында төрағалық етеді;

3) осы Қағидаларда көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

16. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап өз қызметін тоқтатады.

17. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі және конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелері және конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі болмаған жағдайда конкурстық комиссия отырысының хаттамасында осы фактіні растайтын құжатты қоса бере отырып, оның болмау себебі көрсетіледі.

18. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және оған конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілген болса, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып саналады. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол жазбаша түрде айтылуы және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

19. Конкурстық комиссияның ұйымдастыру қызметін конкурстық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

Конкурстық комиссияның хатшысы сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты сатып алуды ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) құрылымдық бөлімшесі лауазымды адамдарының қатарынан белгіленеді.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық комиссия отырысының күн тәртібін жасайды, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссияның отырысын өткізуді ұйымдастырады;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын, конкурсқа қатысуға жіберілгені туралы хаттаманы, сатып алу бойынша конкурс нәтижелері туралы хаттаманы, сондай-ақ конкурстық комиссия отырысының басқа да хаттамаларын ресімдейді және оларға қол қояды;

3) сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) конкурстық комиссия қол қойған отырыс хаттамаларын жібереді;

4) конкурстық өтінімдерді ашқан сәттен бастап тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу құжаттарының және материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) журналда әлеуетті өнім берушілерді тіркеуді жүзеге асырады.

20. Ұйымдастырушыда (тапсырыс берушіде) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) техникалық сипаттамаларының талаптарына сәйкестігін анықтау үшін тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) сарапшыны (-ларды) тараптардың уағдаластығы бойынша ақылы, сондай-ақ өтеусіз негізде тартады.

Сарапшыны тарту міндетті шарты үшін сатып алу мәніне оның қызмет бейінінің сәйкестігі болып табылады.

21. Бірнеше сарапшыны тартқан жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) тартылған сарапшылардың ішінен сараптама комиссиясын құрады және ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) бұйрығымен олардың ішінен сараптама комиссиясының басшысын белгілейді.

22. Сарапшылар (сараптама комиссиясы) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) техникалық сипаттамаларының талаптарына сәйкестігі мәніне сараптамалық қорытынды береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Сарапшылардың (сараптама комиссиясының) қорытындысын, егер ол техникалық сипаттамаларда көзделген талаптар шегінде жасалған болса ғана оны конкурстық комиссия міндетті түрде ескереді. Сараптама қорытындысы жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар (сараптама комиссиясының мүшелері) қол қояды және конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сарапшы сараптама комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, аталған сарапшы жазбаша түрде ерекше пікір білдіреді, ол сараптама комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

23. Конкурстық құжаттамада сатып алудың атауы, мөрленген конверттердің берілген соңғы күні мен уақыты, конверттерді ашу күні мен уақыты, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің атауы, қысқаша сипаттамасы, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қосымша сипаттамасы, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемі мен болжамды жеткізу мерзімі көрсетіледі.

Конкурстық құжаттамада:

1) ұқсас болып табылмайтын тауарлар және қызметтер;

2) ұқсас тауарлар және қызметтер жеткізу (көрсету) орны бойынша;

3) ұқсас тауарлар және қызметтердің түрлері біртектес түрлері және (немесе) оларды жеткізу (көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге жатады.

Тауарды жеткізудің кемінде бес орны болған жағдайда лотта тауарды жеткізудің бірнеше орнын көрсетуге жол беріледі.



Сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) сатып алуды іске асырған кезде күрделі техникалық сипаттамалары және ерекшеліктері бар және бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұратын тауарларды және көрсетілетін қызметтерді бір лотта сатып алуды көздейді.

Конкурстық құжаттама біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім берушілер ұсынатын құжаттар тізбесінен тұрады.

24. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуетті өнім берушілер арасында іріктеуді жүзеге асырған кезде ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтініш берген соңғы күнге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын:

1) ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) интернет-ресурсында немесе сатып алу веб-порталында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда конкурс өткізу туралы хабарландыруды және осы Қағидаларға сәйкес құрылған және ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) бекіткен конкурстық құжаттаманы орналастырады;

2) интернет-ресурста немесе сатып алу веб-порталында, сондай-ақ ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) тиісті журналында конкурстық құжаттаманы алған адам туралы орналасу орны, пошталық мекенжайы және электронды поштасы, сондай-ақ басқа да мәліметтер туралы деректерді көрсете отырып, конкурстық құжаттаманы беру фактісін хронологиялық тәртіпте тіркеуді қамтамасыз етеді.

25. Конкурсқа қатысу туралы әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін (бұдан әрі – өтінім) қарау конкурстық өтінімдерді ашқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жүргізіледі.

26. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілі қажетті құжаттарды қоса бере отырып, сондай-ақ өткізілетін конкурстың атауын (егер бір лоттан көп болса, лот нөмірін де), конкурстық құжаттамада көрсетілген конверттерді ашу күні мен уақытын, әлеуетті өнім берушінің толық атауын, оның заңды және пошталық мекенжайын, байланыс телефондарын көрсете отырып, мөрленген конвертте сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) ұсынады.

Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) хронологиялық тәртіпте өтінімдерді тіркеу журналына конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге дейін қатысуға өтінімдері салынған конвертті ұсынған әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметті енгізеді.

27. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға берген өтінімі тігілген, беттері нөмірленген түрде беріледі және соңғы беті әлеуетті өнім берушінің уәкілетті тұлғасының қолымен куәландырылады.

28. Осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес конверттерді ресімдеуге қойылатын талаптарды бұзумен конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді, сондай-ақ конкурстық құжаттамада көрсетілген мөрленген конверттерді, өтінімдерді беру мерзімі

өткеннен кейін ұсынылған өтінімдері бар конверттер қабылдауға, тіркеуге және ашуға жатпайды.

29. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері бар конверттерді ашу бойынша конкурстық комиссия отырысының басталу уақыты өтінімдер салынған конверттерді қабылдау аяқталған уақыттан бастап үш сағаттан кешіктірілмеуі тиіс.

30. Конкурстық комиссия отырысына әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің тіркеу журналында хатшының тіркеуінен алдын ала өткен аудио жазбалар және бейне түсірілімдер жүргізу құқығымен әлеуетті өнім берушінің немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуына жол беріледі.

31. Конкурстық комиссия отырысының басталуына дейін 30 (отыз) минуттан кешіктірілмей конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға берілген өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі жүзеге асырылған кезде әлеуетті өнім берушілердің мүддесін білдіруге әлеуетті өнім берушілердің өкілдерінің құжатпен ресімделген құзыреттерін тексереді және әлеуетті өнім берушілерді және олардың уәкілетті өкілдерін тіркеу журналына тиісті мәліметтер енгізеді (еркін нысанда). Әлеуетті өнім берушілердің өтінімі салынған конверттерді ашу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысанда конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасымен ресімделеді.

32. Әлеуетті өнім берушілерді және олардың уәкілетті өкілдерін тіркеу журналында мүддесі ұсынылып отырған ұйымның атауы, уәкілетті тұлғаның

33. Журналды сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) нөмірлейді және тігеді.

34. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін конкурстық құжаттамада (техникалық сипаттамаларда) көрсетілген біліктілік талаптарға сәйкестігіне қатысты конкурстық комиссия қарайды.

35. Өтінімдерді қарау кезінде, қажеттілік болған кезде, комиссия жазбаша нысанда:

1) өтінімдерді қарауды жеңілдету мақсатында әлеуетті өнім берушілерден материалдар мен түсіндірмелерді;

2) тиісті мемлекеттік органнан, жеке және заңды тұлғалардан нақтылау мақсатында мәліметтерді және қажетті ақпаратты сұратады.

Конкурстық комиссия сұрау салуды жібермейді және өтінімде ұсынылған тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкестікке келтірумен, құжаттарды алмастыруда, өтінімді жетпеген құжаттармен толықтыруға негізделген өтінімді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестікке келтірумен байланысты басқа да әрекеттер жасамайды.

36. Комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды.

37. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін береді.

38. Конкурса қатысуға өтінім конкурса қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді (қызметтер көрсетуді) жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

39. Біліктілік талаптарға және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растау үшін сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) конкурса қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушінің конкурса қатысуға берген өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:

1) әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалар үшін конкурса қатысуға өтінім толтырған және қол қойған және (немесе) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушімен жасалған және қол қойылған жеке тұлғалар үшін конкурса қатысуға өтінім;

2) әлеуетті өнім беруші оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растауда ұсынатын құжаттардың тізбесін:

құқықтық қабілеттілігін (заңды тұлғалар үшін), азаматтық қабілеттілігін (жеке тұлғалар үшін) растайтын нотариат куәландырған құжаттарды;

лицензияның және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын басқа да құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 100-бабының 2-тармағына сәйкес нысан бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік жарналар бойынша берешектің жоқтығы (бар болуы) туралы конкурс өткізу туралы хабарланған күннен ерте берілмеген мәліметтер;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды жеткізуге әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы ақпарат және (немесе) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтер ұсыну үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

конкурста сатып алудың мәні болып табылатын қызметтерді ұсыну бойынша бірлескен орындаушылар туралы, сондай-ақ осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушімен бірлесіп орындаушыларға қызмет түрлерін бірлесіп орындауға, бірақ жиынтықта қызметтердің көлемінің (құнын) екіден үш бөлігінен аспайтын ақпарат;

Егер әлеуетті өнім беруші қызметтерді бірлесіп орындаушыларды тартуды көздеген жағдайда, онда әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) тартылатын бірлескен орындаушылардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады.

3) ұсынылатын тауарлардың атауын, орналасу орнын, шығарылу жылын, болса моделін көрсете отырып, сондай-ақ тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, мерзімдердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) тауарларды беру, қызметтерді көрсету көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға арналған шығындарға, тауарды беру, қызмет көрсету талаптарына сапасына кепілдік беруді көрсете отырып, техникалық ерекшелігін;

4) банктік кепілдік не сатып алуды ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) банктік шотында орналасқан кепілдік ақшалай жарнаны растайтын төлем құжаты түрінде осы Қағидалардың 46-тармағында белгіленген мөлшерде конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету;

5) әлеуетті өнім берушінің мүддесін білдіретін адамға (адамдарға) конкурсқа қатысуға өтінімге қол қою және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысу құқығына берілетін сенімхат.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің – жеке тұлғаның өтінімінде де тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі болуы тиіс (сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқықтық қабілеттілігінің болуын растау үшін).

40. Әлеуетті өнім беруші және оның бірлесіп орындаушысы, бар болған кезде біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) осы Қағидаларда көзделген тәртіппен және мерзімде тиісті құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті әлеуетті өнім беруші оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынған құжаттарды не Қазақстан Республикасының бейрезиденті әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерден тұратын құжаттарды береді.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті резидент мемлекеттің құзыретті органы берген резиденттілікті растайтын құжат немесе оның нотариат куәландырған көшірмесі . Резидент елде тіркеу деректері өзгерген жағдайда резиденттілікті растайтын құжатты немесе өзгертілген деректерді есепке ала отырып, оның нотариат куәландырған көшірмесін қайта ұсынады.

Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда және техникалық сипаттамаларға және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда конкурсқа қатысуға жіберілмейді және біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

41. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімді қамтамасыз етуді мына жағдайларда:

1) банктік кепілдік түрінде берілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі өткенде;

2) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны:

өтінімді қамтамасыз етуге қол қойған лауазымды тұлғаның құзыретін растайтын құжаттың болмауы мұндай әлеуетті өнім берушіні конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп тануға негіз бола алмайды;

қатысу үшін банктік кепілдік түрінде ұсынылған өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін конкурс тәсілімен тауарларды, қызметтерді сатып алу атауын;

банктік кепілдік және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасы, сондай-ақ оны ұсыну шарттары түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуды енгізген тұлғаны;

соның пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізген тұлғаны;

анықтауға мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауымен айқындалатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиісінше ресімделмеуі:

3) конкурсқа (лот) бөлінген сомадан үш пайыздан аз мөлшерде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Конкурсқа қатысуға берілген өтінімнің қолданылу мерзімі (конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушінің ұсынған тауарларды, қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі) конкурстық өтінімдерді ашу күнінен бастап кемінде 35 күнтізбелік күнді құрайды. Конкурстық құжаттамада көрсетілгеннен барынша қысқа қолданылу мерзімі бар конкурстық өтінім қабылданбайды.

42. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптарына және техникалық сипаттамалар талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысуға жіберілетін (конкурсқа қатысушылар) әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді және конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің (конкурсқа қатысушылардың) сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) конкурстық баға ұсыныстарын беру күнін, уақытын, орнын белгілейді.

43. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төраға, отырысқа қатысушы барлық конкурстық комиссия мүшелері және конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды.

44. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық комиссияның қабылдаған шешімі туралы мыналарды хабарлайды:

1) рұқсат беру туралы хаттама көшірмесін ұсыну немесе жолдау;

2) қол қойылған хаттама мәтінін ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) интернет-ресурсында немесе сатып алу веб-порталында орналастыру.

45. Рұқсат берілгені туралы конкурстық комиссияның шешімі қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

46. Конкурсқа қатысу өтінімдерді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші тауарларды, қызметтерді алу үшін конкурсқа (лотқа) бөлінген сомадан үш пайыз мөлшерінде енгізеді. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім берілетін лоттарға ғана конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Конкурстың барлық лоттарына өтінім берілген кезде лоттардан тұратын конкурсқа бөлінген жалпы сомада конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге жол беріледі.

47. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді кепілді ақшалай жарна түрінде ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) банктік есеп шотына немесе ұйымдастырушылар (тапсырыс берушілер) үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысанда банктік кепілдікті енгізеді.

48. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімнің қолданылу мерзіміне сәйкес келеді. Әлеуетті өнім беруші өтінімнің өзін ұзарту мерзіміне банктік кепілдіктің қолданылу мерзімін ұзартуға жол беріледі.

49. Конкурстық өтінімі қамтамасыз етілмеген барлық конкурстық өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін ретінде конкурстық комиссия қабылдамайды.

50. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі орын алғанда сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) қайтармайды:

1) әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім берген соңғы мерзім өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алғанда немесе өзгерткенде және (немесе) толықтырғанда;

2) конкурсқа қатысушы ретінде танылған әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық құнды ұсынысын белгіленген мерзімде бермегенде немесе кері қайтарып алғанда;

3) конкурс жеңімпазы деп анықталған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарттан жалтарғанда;

4) конкурс жеңімпазы сатып алу туралы шартты жасасып алып, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы конкурстық құжаттамада көзделген талаптарды орындамағанда немесе уақытында орындамағанда.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алғанда конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) кірісіне жатқызылады.

51. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету төмендегі жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарылады:

1) конкурсқа қатысуға өтінім берген соңғы мерзім өткенге дейін әлеуетті өнім берішінің конкурсқа қатысуға өз өтінімін кері қайтарып алған;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат туралы хаттамаға қол қойған. Көрсетілген жағдай конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

3) конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы деп танылған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) конкурстық құжаттамада көзделген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді конкурс жеңімпазының енгізуі және сатып алу туралы шарттың күшіне енуі;

52. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы) конкурсқа қатысуға жіберілгені туралы хаттамада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) конкурстық баға ұсыныстары бар конвертті береді.

53. Қатысуға жіберілгені туралы хаттамамен белгіленген мерзімде конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру бойынша отырыс өткізеді.

54. Конкурсқа қатысуға жіберілгені туралы хаттамамен белгіленген мерзім бойы конкурстық комиссия хатшысы:

1) конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді беру және конкурстық комиссия отырысына қатысу үшін конкурсқа қатысушылар өкілдерінің құзыретінің құжатпен расталуының болуына көз жеткізеді;

2) конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына конкурсқа қатысушылар немесе олардың уәкілетті өкілдері туралы мәліметтер енгізеді.

55. Конкурсқа қатысуға жіберілгені туралы хаттамада белгіленген уақыт өткеннен кейін берілген конкурстық баға ұсыныстары бар конверттер бағалау және салыстыруға қабылданбайды.

56. Конкурстық комиссия хатшысы конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналында бас тарту себебін көрсете отырып, тіркеуден бас тартылған конкурсқа қатысушылардың тізімін көрсетеді.

57. Конкурстық комиссия отырысына:

1) конкурстық комиссия төрағасы немесе төрағаның конкурстық комиссия мүшелері арасынан тағайындаған тұлғасы:

хронологиялық тәртіппен тіркелген конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді ашады;

хронологиялық тәртіппен тіркелген конкурстық баға ұсыныстарын ұсынған конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын жариялайды;

конкурстық комиссия хатшысына конкурстық баға ұсыныстары бар ашылған конверттерді береді;

## 2) конкурстық комиссия:

конкурса қатысушылардың осы тауарларды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асатын конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамайды;

конкурса қатысушылардың бағасын салыстырады және барынша төмен баға негізінде олардың арасынан конкурс жеңімпазын айқындайды;

конкурстық баға ұсыныстарындағы баға және конкурс нысаны болып табылатын сатып алынатын тауарлар, қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі тең болғанда конкурстық баға ұсынысын басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсынысынан бұрын ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

## 58. Конкурстық комиссия отырысының нәтижелері бойынша:

1) конкурстық комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда оның орынбасары конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жүргізілетін күні:

конкурстық комиссия отырысына қатысып отырған адамдарға жүргізілген тауарларды, қызметтерді сатып алу нәтижелерін жариялайды және қатысып отырғандарға конкурс жеңімпазын хабарлайды;

конкурс жеңімпазына конкурстық комиссия төрағасы немесе оның міндетін атқарушы қол қойған оны жеңімпаз деп тану туралы жазбаша хабарлама береді;

конкурса қатысушыларға немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жүргізілген тауарларды, қызметтерді сатып алу нәтижелері туралы хаттама көшірмесінің беру күнін, уақытын және орнын хабарлайды;

## 2) конкурстық комиссияның хатшысы:

конкурса қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі конкурстық комиссия отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысанда сатып алу бойынша конкурс нәтижелері туралы хаттама жасайды және оған отырысқа қатысқан конкурстық комиссия мүшелірінің барлығының, сондай-ақ конкурстық комиссия хатшысының қол қоюын қамтамасыз етеді;

мәліметтері конкурса қатысуға берілген өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген конкурса қатысуға өтінім берген кез келген әлеуетті өнім берушінің талабы бойынша осындай жазбаша сұранымды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осындай әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдеріне қайтарымсыз негізде жүргізілген тауарларды, қызметтерді сатып алу нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін жолдайды немесе ұсынады;

жүргізілген тауарларды, қызметтерді сатып алу нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) көрсетілген хаттаманың көшірмесін беруді қамтамасыз етеді.

59. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні



ішінде хаттама мәтінін ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) интернет-ресурсында орналастырады;

60. Сатып алу нәтижелері туралы хаттамадағы және ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер төлем алусыз барлық мүдделі адамдарға танысу үшін қолжетімді болуы тиіс.

61. Конкурс тәсілімен сатып алу мынадай жағдайларда өтпеді деп танылады:

- 1) ұсынылған өтінімдердің болмауы;
- 2) екеуден аз өтінімдерді ұсыну;
- 3) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;
- 4) конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе;

62. Егер конкурс тәлісімен сатып алу өтпеді деп танылса, ұйымдастырушы (тапсырыс беруші):

1) конкурс тәлісімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) конкурс құжаттамасын өзгерту және конкурс тәлісімен сатып алуды қайта жүргізу туралы;

63. Конкурс тәсілімен өтпеген сатып алу бойынша тапсырыс беруші бір көзден тәсілімен сатып алуды келесі жағдайларда іске асырады:

1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің жоқтығы. Бұл ретте біз көзден тәсілімен сатып алуға конкурсқа шақырту жіберілетін әлеуетті өнім берушіні тапсырыс беруші белгілейді;

2) конкурсқа қатысуға екеуден кем өтінім беру. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушіге жіберіледі, сатып алу туралы жасалған шарт бағасы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан аспайды.

## **2-параграф. Сатып алу веб-порталы арқылы біліктілік талаптары және техникалық сипаттамалар бойынша өнім берушіні іріктеу жөніндегі конкурс**

64. Сатып алу веб-порталы арқылы біліктілік талаптары және техникалық сипаттамалар бойынша өнім берушілерді іріктеу бойынша конкурс тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай жүйелі іс-шаралардың орындалуын көздейді:

1) конкурстық комиссияның құрамын, сараптама комиссиясының құрамын не сарапшыны (қажет болған кезде) айқындау және бекіту, конкурстық комиссия хатшысын айқындау;

2) конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту;

3) веб-порталда конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастыру;

4) электрондық құжат нысанында конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті өнім берушілердің ұсынуы және оларды веб-порталда автоматты түрде тіркеу;

5) өтінімдерді автоматты түрде ашу және веб-порталда ашудың тиісті хаттамасын орналастыру;

6) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттамаға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды конкурс қатысушылары деп тану;

7) конкурсқа қатысушылардың бағаларын веб-порталмен автоматты түрде салыстыру, ең төмен баға негізінде конкурс жеңімпаздарын, сондай-ақ екінші орынға әлеуетті өнім берушіні айқындау және веб-порталда конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы орналастыру;

8) тапсырыс берушінің конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негізінде жеңімпаздармен шарт жасасуы.

65. Конкурстық комиссия оның құрылуы туралы шешім күшіне енген күнінен бастап әрекет етеді және өзінің қызметін шарт жасалған күннен бастап өзінің қызметін тоқтатады.

66. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және оған конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған мүшелерінің қарапайым санының көпшілік дауысы берілген болса, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда орналастырылады.

Конкурстық комиссия қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда конкурстық комиссияның тиісті хаттамаларында конкурстық комиссия хатшысы қолдың болмау себептерінен тұратын құжат немесе ақпарат орналастырылады.

67. Конкурстық комиссияның ұйымдастыру қызметін конкурстық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

68. Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық құжаттаманың жобасын веб-порталда қалыптастырады және орналастырады;

2) веб-порталда конкурсты өткізу туралы хабарландыруды, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы, конкурсқа қатысуға ол болған жағдайда рұқсат беру хаттамасын, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ веб-порталда олар болған жағдайда басқа да құжаттарды орналастырады;

3) веб-порталда сараптама комиссиясының не ол болған жағдайда сарапшының қорытындысын орналастырады;

69. Конкурстық құжаттаманың жобасын тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам бекітеді және сатып алу атауынан, әлеуетті өнім берушілердің өтінімді берудің соңғы күнінен және уақытынан, атауынан, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасынан, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қосымша сипаттамасынан, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемі мен болжамды жеткізу мерзімдерінен, сондай-ақ осы Қағидалардың 39-тармағының 2) тармақшасына сәйкес арнайы біліктілік талаптарына әлеуетті өнім берушілердің сәйкестігін растайтын құжаттардың сұрату салуынан тұрады.

70. Әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынатын күннің соңғы мерзімі сатып алу веб-порталында бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастырған күннен бастап кемінде күнтізбелік он күнді құрайды.

71. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында конкурстық құжаттамада көрсетілген, өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін береді, конкурстық құжаттамада санамаланған құжаттардан тұрады және конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға әлеуетті өнім берушінің келісімін, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулерге сәйкес расталған ол туралы мәліметті алуға әлеуетті өнім берушінің келісімін беру нысаны болып табылады.

72. Конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келеді.

73. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу үшін берген өтінімдері автоматты түрде веб-порталда тіркеледі.

74. Қажет кезінде әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өзінің өтініміне оның енгізген қамтамасыз етуін қайтрау құқығын жоғалтпай конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез-келген уақытта конкурсқа қатысуға берген өзінің өтінімін өзгертеді немесе қайтарады.

Конкурсқа қатысуға берілген өтінімді оны ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін қайтаруға жол берілмейді.

75. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу веб-порталда автоматты түрде жүргізіледі. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы оны ашу сәтінен бастап веб-порталда орналастырылады. Бұл ретте веб-портал конкурстық комиссияның мүшелеріне, конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерінің автоматты түрде хабарламаны таратады.

76. Егер конкурсқа (лотқа) конкурсқа (лотқа) қатысуға тек қана бір өтінім берілген жағдайда онда осындай өтінім осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

77. Конкурстық комиссия веб-портал арқылы біліктілік талаптарына және конкурстық өтінімдерді ашу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде конкурстық құжаттамалар талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайды.

78. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды.

79. Конкурсқа жіберу хаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) конкурсқа қатысуға жіберілетін (конкурсқа қатысушылар) біліктілік талаптары мен техникалық ерекшеліктер талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат;

2) оларды кері қайтару себептері егжей-тегжейлі сипатталып көрсетілген, соның ішінде олардың біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетілген конкурсқа қатысуға өтінімдері кері қайтарылған әлеуетті өнім берушілер туралы;

3) конкурсқа қатысуға жберілген (конкурсқа қатысушыларға) әлеуетті өнім берушілердің сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) конкурстық баға ұсынымдарын ұсыну күні, уақыты, орны.

80. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы) конкурсқа қатысуға жіберілгені туралы хаттамада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) сатып алу веб-порталы арқылы конкурстық баға ұсыныстарын береді.

81. Конкурстық баға ұсыныстары біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі мәніне конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындысы бойынша автоматты түрде веб-порталда ашылады.

82. Веб-портал конкурсқа қатысушылардың бағаларын автоматты түрде салыстырады және ең төмен баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды.

83. Бағалау қорытындысы және конкурстық баға ұсыныстарын салыстыру бойынша екінші орын алған конкурс қатысушысы ең төмен шартты бағадан кейінгі келесі бағалардың негізінде айқындалады.

84. Конкурстық баға ұсыныстарының бағалары мен конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын тауарларды, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі тең болған кезде басқа әлеуетті өнім берушілерден баға ұсыныстарын бұрын конкурстық баға ұсыныстарын берген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

85. Бағалау және конкурстық баға ұсыныстарын салыстыру нәтижелері бойынша шешім қабылданған күні конкурстық комиссияның төрағасы және барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындылар туралы хаттаманы веб-портал автоматты түрде қалыптастырады.

### **3-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату**

86. Егер белгілі бір тауарды (-лардың) не белгілі бір көрсетілетін қызметті сатып алу жылдық көлемі құны мәнінде тиісті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жеті мың еселік өлшемінен аспаса, онда сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізіледі және мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей кемінде екі әлеуетті өнім берушіге сатып алуды жүзеге асыру туралы жазбаша сұраным жібереді және осындай сұрау салуды ұйымдастырушыны (тапсырыс берушінің) баға ұсынысыңтарын сұрау салу тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мынадай мәліметтерді қазақ және орыс тілдерінде интернет-ресурста немесе веб-порталда орналастырады. Сұрау салу мынадай ақпараттан тұрады:

сатып алуға бөлінген соманы көрсете отырып, өткізілетін сатып алу мәні болып табылатын тауардың саны, көрсетілетін қызметтің көлемі туралы;

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алатын тауарлардың, қызметтердің техникалық ерекшеліктері;

тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету орны;

тауарды жеткізу, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуды бастау және аяқтау мерзімі туралы.

Рұқсаттар мен хабарламалар туралы туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес оларды жеткізу рұқсат алуды немесе хабарлама жіберуді талап ететін тауарлар мен қызметтерді сатып алуды қоспағанда әлеуеті өнім берушілерден біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар сұратылмайды. Бұл жағдайда әлеуетті өнім беруші сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді өндіру, қайта өңдеу, жеткізу және өткізуге әлеуетті өнім берушілердің құқығын растайтын лицензияның және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа да құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

2) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы әлеуетті өнім беруші ретінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға ниет білдіру және ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) сұранымында көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауар жеткізуді, қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім беру нысаны болып табылады;

3) әлеуетті өнім беруші хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі өткенге дейін ұйымдастырушыға веб-портал арқылы баға ұсыныстарын ұсынады;

4) баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге тиісті хабарлама веб-порталмен автоматты түрде жіберілгеннен кейін қабылданды деп есептеледі;

5) ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) сұранымында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін ұсынылған баға ұсыныстары ұсыну шамасына қарай хронологиялық тәртіппен баға ұсыныстары бар конверттерді тіркеу журналына енгізуге жатқызылады;

6) баға ұсыныстары бар конверттерді ұсыну аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары бар конверттерді ашады және жазбаша сұраным талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау үшін әлеуетті өнім берушілердің баға ұсынысын қарайды және баға ұсынысы жазбаша сұраным талаптарына сәйкес келген және барынша аз конкурстық баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз ретінде анықтайды.

7) ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) сұрау салу талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын веб-порталда қарауды жүзеге асырады. Әлеуетті өнім беруші ұсынған техникалық сипаттаманы қарауды жүзеге асырғаннан кейін Тапсырыс берушінің өкілі өнім берушіге рұсақтты жүзеге асырады, рұқсат қорытындысы бойынша веб-портал арқылы баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстыру және баға ұсыныстарын сұрау салу тәсілімен сатып алу қорытындысын шығару жүргізіледі.

8) егер барынша төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынса, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсынысынан бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады;

9) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы қабылданбайды, егер:

ол аталған тауарларды, қызметтерді алуға бөлінген сомадан асып кетсе;

әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарымен келіспесе не өзгертуді және (немесе) толықтыруды ұсынса, әлеуетті өнім беруші біреуден артық баға ұсынысын берсе;

әлеуетті өнім беруші біреуден астам баға ұсынысын ұсынса;

әлеуетті өнім беруші барынша үздік техникалық, сапалы және функционалдық сипаттамаларымен техникалық сипаттамаларды ұсыну жағдайларынан басқа, сұраным талаптарына сәйкес келмейтін техникалық сипаттамаларды ұсынса;

10) баға ұсыныстары тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы шешім мынадай мәліметтер көрсетіле отырып, ресімделеді:

тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) толық атауы, олардың пошталық мекенжайлары;

тауарларға, қызметтерге өткізілген сатып алу атауы;

баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін баға ұсыныстарын ұсынған әлеуетті өнім берушілердің толық атауы, олар мәлімдеген тауарлар, қызметтер бағалары;

қабылдамау себебін негіздей отырып қабылданбаған баға ұсыныстары туралы; жеңімпаз туралы;

11) баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) хабарлама жіберу арқылы баға ұсыныстарын ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілерге сатып алу қорытынды туралы хабарлайды, ал сатып алу веб-портал арқылы жүзеге асырылған жағдайда баға ұсыныстарын сатып алу тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы хаттама веб-порталда сатып алу қорытындысы жасалғаннан кейін автоматты түрде орналастырылады.

87. Егер осы Қағидалардың 86-тармағының 9) тармақшасында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарынан бас тартылғаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің екеуден аз баға ұсыныстары қалса, және егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімінің ішінде әлеуетті өнім берушілер бірде бір баға ұсынысын ұсынбаса, мұндай сатып алу автоматты түрде веб-портал арқылы өтпеді деп танылады, ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асыру;

2) оның баға ұсынысы сұрау салу талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушіден бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады. Бұл ретте жасалған шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан аспайды.

88. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші 100-тармаққа сәйкес сатып алу туралы қол қойылған шартты ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) мерзімінде ұсынбаса, ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осындай баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасасады, ал осындай әлеуетті өнім беруші болмаған кезде сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушіден кейін баға ұсынысы ең төмен баға болып табылатын әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасасады;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асырады;

3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырады.

#### **4- параграф. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу**

89. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу өтпеген сатып алу (баға ұсыныстарын сұрату және конкурс) және тікелей шар жасасу арқылы жүзеге асырылады.

90. Өтпеген сатып алу бойынша бір көзден тәсілімен сатып алуға веб-портал арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу қатысу туралы шақыртуды жіберу арқылы жүзеге асырылады, егер:

1) конкурс тәсілімен сатып алу осы Қағидалардың 63-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда өтпеген деп танылған конкурс тәсілімен сатып алынған;

осы Қағидаларда көзделген жағдайларда, сондай-ақ осы Қағидалардың 88-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылады.

91. Сатып алу туралы шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) растайтын құжаттары болғанда дереу қалпына келтіруді қажет ететін коммуникациялар, механизмдер, агрегаттар, қосалқы бөлшектер мен материалдар істен шыққанда, сынғанда тауарлар мен қызметтерді алу;

2) Қазақстан Республикасы аумағында өндірілмейтін және шетелден алынатын өндіріс үшін негізгі және (немесе) қосымша болып табылатын тауарларды сатып алу;

3) тестілеу аккредиттеу желісін қоса алғанда халықаралық аккредиттеуге және (немесе) сертификаттауға дайындық бойынша көрсетілетін сатып алу;

4) егер тауарлар мен қызметтерді қандай да бір өнім берушіден сатып алған ұйымдастырушыда (тапсырыс берушіде) қолда бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиямен, қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету немесе стандарттау, алдын ала жиынтықталымдау, біріздендіру мақсатында сол өнім берушіден басқа да сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі туындаса, тауарлар мен қызметтерді алу;

5) шетелде сатып алынған тауарларды алу кезінде кедендік ресімдеу /брокерлер қызметтері/;

6) тапсырыс берушінің жарғылық қызметін іске асыру үшін білім беру, ғылыми және (немесе) медициналық ұйымдардан, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарынан, кітапханалардан тауарларды, қызметтерді сатып алу;

7) сатып алынатын тауарлар, қызметтерге қатысты ерекше құқығы бар тұлғалардан зияткерлік жеке меншік объектісі болып табылатын тауарларды, қызметтерді сатып алу ;

8) қосылған құн салығын есепке алмай, егер белгілі бір тауардың, белгілі бір қызметтің жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселік мөлшерінен аспаса тауарларды, қызметтерді сатып алу;

Сатып алу туралы шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу Қағидалардың 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген қағидаттарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

92. Бір көзден сатып алуды өткізу нысанасы жібереді немесе тауарлармен көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім беруші шақырту алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) өзінің жазбаша келісімін қосымшасымен шақыруда көзделген құжаттардың қосымшасымен сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырушыға жібереді:



1) әлеуетті өнім беруші ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың қоса бере отырып ұсынатын тауарлар мен қызметтердің сипаттамасы;

2) ұсынылатын тауарлар мен қызметтерге жазбаша баға негіздемесі;

3) лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі (егер қызмет лицензиялауға жатса).

Баға негіздемесі әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік жарнаны төлеуге, қосымша құн салығына және басқа да салықтарға, төлемдер мен жинақтарға, жиынтықтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектер құнына, өлшем бірлікпен бастапқы пайдалану мерзімі ішінде қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарды, басқа да шығындарды қоса алғанда, жеткізуге ұсынылатын тауарлардың, қызметтердің құнын есептеумен тұрады.

93. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) веб-портал арқылы егер бір көзден алу тәсілімен сатып алу бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға ұсынылатын оның бағасының негіздемесі, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеген қорытындысы бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттарды қарайды.

94. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу мына жағдайларда өтпеген деп танылады:

1) егер әлеуетті өнім беруші ұсынған тауарлар мен қызметтер бағасы осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

2) егер әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса;

3) егер барынша үздік техникалық, сапалы және функционалдық сипаттамалары бар техникалық сипаттамаларды беру жағдайларын қоспағанда әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) техникалық сипаттамаларында белгіленген талаптарға сай емес техникалық сипаттамаларды ұсынса.

95. Сатып алу өтпеген деп танылған жағдайда ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) көрсетілген тәсілмен қайта сатып алу өткізу туралы шешім қабылдайды.

96. Сатып алуды ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру қорытындысы туралы хаттаманы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдейді.

97. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) бір көзден алу тәсілімен сатып алу орытындысы туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, хаттаманы ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) интернет-ресурсында немесе ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) веб-порталында орналастырады.

98. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) қағаз жеткізгіште немесе веб-порталда бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы хаттаманың негізінде әлеуетті өнім берушімен шарт жасасады.

#### 4-тарау. Шарт жасасу және орындау

99. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға қол қояды және әлеуетті өнім берушіге сатып алу шартының жобасын жібереді немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жеңімпазға веб-портал арқылы жібереді.

Сатып алу туралы шартты жасасқанға дейін ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) қажеттілігі негізді азайтылған немесе тауарларды, қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығы жылдық сатып алу жоспарында көзделген тауарларды, қызметтерді сатып алуға шығыстар қысқарған жағдайда сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту мүмкіндігін сақтайды. Сатып алудан бас тарту жылдық сатып алу жоспарында тиісті өзгерістерді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші):

1) сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ол туралы өткізілетін сатып алуға қатысатын адамдар туралы хабарлайды және Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) интернет-ресурста немесе сатып алу веб-порталында тиісті хабарландыруды жариялайды;

2) сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өтінімді қамтамасыз етуді қайтарады.

100. Әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жобасына қол қойылғаннан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) қол қойылған сатып алу туралы шартты ұсынады.

101. Тапсырыс беруші сатып алу жеңімпазы айқындалған күннен бастап веб-портал арқылы бір жұмыс күні ішінде шартқа қол қойған адамдар туралы мәліметтерді және шартты ресімдеу үшін өнім берушілерді деректермелерді сұратуды веб-портал арқылы жібереді.

102. Әлеуетті өнім беруші тиісті сұратуды веб-порталда алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартқа қол қоятын адам туралы мәліметт және өнім берушінің деректемелерің растайды.

Шартқа қол қоятын адамдар туралы мәліметтер және оның деректемелері туралы мәліметтің әлеуетті өнім берушінің растауы болмаған жағдайда тапсырыс беруші шартқа веб-порталда ораналастырылған әлеуетті өнім берушінің тіркеу деректеріне сәйкес қол қояды.

103. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші мәліметін растау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күні ішінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылатын шарт жобасын қалыптастырады және қол қою үшін өнім берушіге жібереді.

104. Өнім беруші сатып алу туралы шарттың жобасына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы электрондық цифрлық қол қоюмен шартқа қол қояды.

105. Егер жеңімпаз болып айқындалған әлеуетті өнім беруші осы Қағидалармен белгіленген мерзімдерде шарт жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші шарт жасаудан жеңімпаз жалтарған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыратын шарт жобасын әлеуетті өнім берушіге жібереді.

106. Өнім беруші сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

107. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші сатып алу туралы жасалған шарт бойынша өз міндеттерін уақтылы, толық және тиісінше орындағанына кепілдік ретінде енгізеді.

108. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мынадай түрлердің бірін таңдайды:

1) ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) банктік шотына енгізілетін кепілдікті ақша жарнасы;

2) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік кепілдік.

109. Ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) сатып алу шартында көзделмеген мақсаттарға өнім берушінің енгізген кепілдікті ақшалай жарнасын пайдалануға жол берілмейді.

110. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша анықталған өнім берушілерге қолданылмайды.

111. Ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) енгізілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім берушіге шартта көрсетілген мерзімде немесе өнім берушінің шарт бойынша міндеттерін толық және тиісінше орындаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

Өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттерді тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші енгізілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) кірісіне тұрақсыздық айыппұлын төлеу фактісі белгіленген күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

112. Егер сатып алу туралы шарт тауарларды, қызметтерді жеткізушінің шарт міндеттерін орындамау салдарынан бұзылған болса, ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

113. Сатып алу туралы шарт "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Кедендік одақтың Кедендік кодексіне және (немесе) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес қосымша құн салығы және акциздер төлеу шарттарынан тұрады.

114. Ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында конкурс тәсілімен сатып алу не баға ұсыныстарының қорытындысы шыққанға және тауарларды, қызметтерді сатып алу туралы шарттың күшіне енгенге дейінгі дейінгі кезеңге ұзартылады.

Бұл ретте осындай сатып алу сатып алу өткізу мерзімінің, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішінде тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті осындай тауарларды, қызметтерді сатып алу көлемінен аспайтын көлемде жүзеге асырылады.

115. Сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізу шартты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

116. Егер әлеуетті өнім беруші Қағидаларда белгіленген мерзімде сатып алу туралы шартты ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) ұсынбаса, онда мұндай әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған болып саналады.

117. Әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару салдарынан келтірілген шығындарды өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

118. Сатып алу туралы шартты орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Қағидаларға және шарттарды дайындауды, жасауды және орындауды реттейтін ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

119. Сатып алу туралы шарт мынадай факторлардың бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде бұзылады:

1) сатып алу туралы жасалған шарт бойынша Өнім берушінің өзінің міндеттемелерін орындамаса;

2) ұйымдастырушының Қағидаларда көзделмеген әлеуетті өнім берушіге жәрдемдесе;

3) шарттарды қоспағанда Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасының бұзылуымен шарт жасасу фактісін уәкілетті орган белгілесе, олар бойынша міндеттемелер тиісінше орындалмаса;

4) шартты орындау қамтамасыз етуді енгізбеу жолымен шарт жасасудан жалтарса. Бұл ретте тапсырыс беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы шартты бұзу ниеті туралы

хабарламаны өнім берушіге жібереді. Егер өнім беруші хабарламаны веб-портал арқылы алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізбесе тапсырыс беруші шартты бұзу туралы хабарламаны жібереді.

120. Шартты орындау кезінде тауарлардың атауы, саны, сапасы, техникалық ерекшелігі, құны, орны және жеткізу мерзімдері (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) шартты мазмұнына сәйкес келуі қажет.

121. Шартты орындау туралы құжаттар (тауарды қабылдау-беру актісі, көрсетілетін қызметтердің актісі, шот-фактура) электрондық нысанда ресімделуде.

122. Шарт көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттер тапсырыс беруші мен өнім беруші толық орындаған кезде орындалған деп есептеледі.

123. Тауарларды жеткізу кезінде сатып алу туралы шартты орындау мынадай кезеңдерде жүзеге асырылады:

1) жүк құжатының түпнұсқасын ұсынумен тауарларды өткізу пунктіне тауарларды жеткізу;

2) тауарды жеткізу фактісін растайтын жүкқұжаттың электрондық көшірмесін бекітумен веб-портал арқылы тауарды қабылдап алу-беру актісінің өнім берушінің ресімдеуі;

3) тапсырыс берушінің тауарды қабылдап алуы;

4) тапсырыс берушінің жеткізген тауарға ақы төлеуі.

Осы тармақтың 2) тармақшасының талабы қағаз жеткізгіште жасаған кезде сатып алу туралы шартқа қолданылмайды.

124. Қызметтерді сатып алу кезінде сатып алу туралы шартты орындау мынадай кезеңдерде жүзеге асырылады:

1) веб-портал арқылы қызметтерді көрсету актісін ресімдеу;

2) көрсетілген қызметтерді тапсыру және қабылдау;

3) Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураны ресімдеу;

4) тапсырыс берушінің жеткізген тауарға ақы төлеуі.

Осы тармақтың 1) тармақшасының талабы қағаз жеткізгіште жасаған кезде сатып алу туралы шартқа қолданылмайды.

125. өнім беруші 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық-цифрлық қолмен бекітілген тапсырыс берушінің веб-порталы арқылы тауарларды қабылдап алу-беру актісін (бұдан әрі – тауарларды қабылдап алу-беру актісі), осы Қағидаларға тауарлар, қызметтер туралы мәліметтерді толтырылған 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтердің актісін веб-портал арқылы жібереді.

126. Тапсырыс беруші тауарды, қызметтерді көрсетуді қабылдап алу-беру актісін өнім берушінің ресімдеуі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні

ішінде шарт бойынша ақпаратты актіде толтырады және оған электрондық-цифрлық қол қояды не аргументтелген негіздемемен тауарларды жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қосымша зерделеу қажеттілігі жағдайында осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әрекетті хабарлама алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей орындайды, ол туралы өнім берушіге хабарлама алған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей веб-портал арқылы өнім берушіге хабарлайды.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

## Конкурс өткізу туралы хабарландыру

---

(сатып алуды ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) атауы, пошталық және электрондық мекенжайлары) мынадай тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды:

---

Тауар:

---

(тауарларды, көрсетілетін қызметтерді беру орны және олардың көлемі көрсетіледі) жеткізілуі (қызметтер көрсетілуі) тиіс.

Сатып алуды ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің толық тізбесі, олардың саны мен егжей-тегжейлі өзіндік ерекшелігі конкурстық құжаттамада көрсетілгеніне сілтеме жасауға құқылы).

Тауарларды берудің (қызметтерді көрсетудің) талап етілетін мерзімі

---

Конкурстық құжаттаманы [www.\\_\\_\\_\\_\\_](http://www._____/) / мекенжайын қоса 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде алуға болады (конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқанға дейін 24 сағат бұрын уақыт пен күні көрсетілсін).

Конкурстық құжаттама тегін беріледі.

Конвертке желімделген конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер \_\_\_\_\_

(сатып алуды ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) атауы көрсетілсін)

мына мекенжай бойынша \_\_\_\_\_ береді.

(толық мекенжайы, бөлменің № көрсетілсін)

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі \_\_\_\_\_ (уақыты мен күні

\_\_\_\_\_ дейін.

көрсетілсін)

Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер \_\_\_\_\_

(уақыты мен күні көрсетілсін)

мына мекенжай бойынша \_\_\_\_\_ ашылады.

(толық мекенжайы, бөлменің № көрсетілсін)

Конкурстық құжаттаманы алу фактісі туралы конкурстық құжаттаманы алғаны жөніндегі хатты ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) электронды поштасына (электронды поштасы көрсетілсін) жолдай отырып, сатып алуды ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) хабарлау қажет.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қаланың коды мен телефон нөмірі көрсетілсін)

Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды

ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) уәкілетті өкілі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы және байланыс телефоны көрсетіледі)

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамасы**

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (конкурстың атауы)

\_\_\_\_\_

(Ашу орны)

\_\_\_\_\_

(Уақыты мен күні)

1. Мынадай құрамдағы конкурстық комиссия: \_\_\_\_\_ (конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты ( бар болса), конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күні, уақыты мен орны көрсетіледі) конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашу рәсімін жүргізді.

2. Конкурстық құжаттаманың көшірмесін мынадай әлеуетті өнім берушілер берді:

\_\_\_\_\_

(конкурстық құжаттаманың көшірмесі берілген барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы)

